

"Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі жанындағы Мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің үйлестіру кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 9 маусымдағы № 98 өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 25 тамыздағы № 126 өкімі.

"Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі жанындағы Мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің үйлестіру кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 9 маусымдағы № 98 өкіміне (Қазақстан Республикасы ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 37-38, 212-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Кеңестің лауазымдық құрамында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі жанындағы Мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттағы бөлімшелері үйлестіру кеңесінің лауазымдық құрамы";

мынадай жол:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының арнайы мақсаттағы бөлімшені тікелей басқаратын орынбасары;"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары - "А" арнаулы мақсаттағы қызметінің директоры;"

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі директорының бірінші орынбасары;"

мынадай жолдар:

"Қазақстан Республикасы Терроризмге қарсы орталығы штабының бастығы;"

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жедел жоспарлау департаментінің бастығы;" тиісінше мынадай редакцияда жазышсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Терроризмге қарсы қызметінің Терроризмге қарсы орталығы штабының бастығы;"

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Арнайы және жұмылдыру даярлығы департаментінің бастығы;"

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі жанындағы Мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің үйлестіру кеңесі туралы ережеде:

10-тармақта "Қазақстан Республикасы Терроризмге қарсы орталығы штабы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Терроризмге қарсы қызметінің Терроризмге қарсы орталығы штабы (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының штабы)" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК